

«SRG Group» ЖШС «Ақмола облысы Ақкөл ауданы Красноборск су қоймасы ОТПХ базасында торлы балық өсіру шаруашылығын орнату үшін ғылыми ұсыным әзірлеу Биологиялық негіздемесі жұмыс жобасына жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы жұртшылықты хабардар етеді.

Талқылауға жататын жобалық құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылатын болады <https://есорportal.kz/> «Жарияланған жария талқылаулар» бөлімінде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні: 18.09.2023 жылдан бастап он жұмыс күні ішінде.

Жобалық құжаттаманың әзірлеушісі — «AREKET-2050» ЖШС, тел.: 8 (7475) 333-999, эл.пошта: areket-2050@mail.ru.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

ТОО «SRG Group», информирует общественность о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений к рабочему проекту «БИОЛОГИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ Разработка научной рекомендации для устройства садкового рыбоводного хозяйства на базе ОТПХ Красноборское водохранилище Аккольского района Акмолинской области».

Проектная документация, подлежащая обсуждению, будет размещена на Едином экологическом портале <https://есорportal.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения» по истечении пяти рабочих дней со дня опубликования данного объявления. Дата проведения общественных слушаний: с 18.09.2023 года в течении десяти рабочих дней.

Разработчик проектной документации – ТОО «AREKET-2050», тел.: 8 (7475) 333-999, эл.адрес: areket-2050@mail.ru.

Местный исполнительный орган административно-территориальной единицы – Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области».

## АО «АГРАРНАЯ КРЕДИТНАЯ КОРПОРАЦИЯ» ПРОДАЕТ:

- здание столовой (литер А), 1995 г.п., площадью 718 кв. м., с земельным участком на праве частной собственности площадью 0,1015га., по адресу: Акмо-

линская обл., г. Ерейментау, ул. А. Кунанбаева 116. В залого. Стоимость 35 172 734 тенге. Сайт: <https://krisha.kz/a/show/685051226>

- склад, литер «А» об-

щей площадью 1905 кв. м.; склад литер «Б», общей площадью 2089, кв. м.; склад «В» общей площадью 1012, 1 кв. м., с земельным участком общей площадью 6 га, дели-

мость – делимый, кад. номер 01-008-011-2010, целевое назначение – обслуживание объекта. Адрес: Коргалжын, ул. М.Горького,1. В залого. Стоимость 39423323 тен-

ге. Сайт: <https://krisha.kz/a/show/685041521>

Возможно приобретение объектов в рассрочку на 3 года с первоначальным взносом. Тел. 8-707-111-65-47.

## ЖАТ АҒЫМ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Құрметті жамағат! Бүгінгі тақырыбымыз жастар және жат ағымдар жайлы болмақ!

Жат ағым туралы сөз бола қалғанда жастар мәселесі міндетті түрде қозғалады. Себебі жастар жат ағымдардың бірінші объектісі. Олай болатыны жат ағымдар өздеріне болашақты қолдау болатын немесе қандай да бір идеяны жүзеге асыруда күш-қайраты бар жастарды алдымен өз қатарына тартуды көздейді. Жастар да өз кезегінде еліктеушілік, білуге құштарлық, коммуникативтілік, ғаламторда көп отыру сияқты ерекшеліктерімен жат ағымдардың қатарын жиі толтырып жатады.

XXI ғасырдың басында әлемдік саяси өмірдегі басты ерекшелік – діни фанатизм мен экстремизмнің адам өміріне қауіпін бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде етек алуы, тіптен мемлекетаралық этникалық қақтығыстар мен локальды соғыстарға қарағанда қандай мемлекетке болмасын экстремизм мен терроризм қауіпі басым бола түсуде. Кейбір саясаттанушылар, сараптаушылар терроризмді үшінші дүниежүзілік соғыс деп те атап жүр. Бұл бағаның да мәні бар. Себебі, терроризм әлемінің көптеген мемлекеттерін қамтып, шекара білмей жүріп жатыр. Терроризм мен діни экстремизм әлемдік тарихтың жаңа қауіпті феноменіне айналды.

Әлем терроршыларының басым көпшілігі 15 пен 30-ға дейінгі жастар. Олардың басым көпшілігі психологиялық жағынан тұрақсыз мінезі болғаны белгілі. Өмірден өз орнын таба алмаған жандардың террористік топтар қатарын толтыратынын көптеген елдер тәжірибесі дәлелдеп отыр. Бірақ, оны жасаған адамдар кімдер? Оған баруына не себеп болды? олар жасаған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын қалай жүзеге асырамыз деген сұрақтар әліде нақты шешімін таппай,

өте өзекті болып отыр. Өрине біріншіден ондай іс-әрекетке барушы, айдағанға көнетін сауатсыз діншіл жастарымыз немесе дін атын жамылушылар.

Сондықтан да қазіргі жастардың бойына адамгершілік, рухани құндылықтарды сіңіру маңызды іс. Себебі, біріншіден жастар елді болашағы дегенді үнемі айтамыз, екіншіден қазіргі көптеген діни ағымдардың объектісіне айналған жастарды олардың құрығынан құтқару үшін де оларға қарсы тұрарлық рухани иммунитет болуы керек, үшіншіден елдегі көптеген келеңсіздіктер мен тәртіпсіздіктердің алдын алу үшін де жастардың бойынша отаншылдық, имандылық, руханилық сияқты қасиеттер болуы тиіс.

Қадірлі мұсылмандар! Бейресми деректер бойынша мыңдаған отандастарымыз осы секталардан, ағымдардан жәбір көрген екен. Ал, қазіргі келіп жатқан ағымдардың көздеген мақсаттары осы секталардан, ағымдардан жәбір көрген еліміздің тыныштығын бұзу, арамызға іріткі салу немесе ақша табу. Бұндай ағымдарға қазақ жастарының кіріп жатқаны да белгілі. Экстремистік топтар мен секталардың 80% жастар құрап отыр. Бұл фактордың екі негізгі себебін көрсетіп өтуге болады.

Біріншіден сауаттылық мәселесі, яғни діни сауаттылықтың өте төмен болуы. Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық жағдай. Дінге деген жастардың қызығушылығы күннен күнге артып келе жатыр. Енді сол жастарымызға дұрыс бағыттағы діни білім және тәрбие беретін ата-аналардың діни сауаттылығының төмендігін де атап өту қажет. Сондықтан жастардың діни сауатын ашу, ұлттық-рухани құндылықтармен сусындату қазіргі біздің еліміздің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Құрметті жамағат! Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Адам-

дар арасында Алла үшін ең сүйкімді адам, жаманшылықтан аулақ болып, ізгілікке бет бұрған жастар!» (Әбу Дәуіт, намаз, 26) дейді.

Қазіргі діни рәсімдер жасалатын орындарға келушілердің басым көпшілігі жастар екенін байқауға болады. Оларға дұрыс жол көрсету, олардың болашақ дұрыс бағытта тәрбие алуы, екі дүниесінің ізгілікке толуы қазіргі біздердің міндетіміз болмақ.

Қадірлі жамағат!

Әрбір ұлт пен халықтың жүріп өткен жолы мен ұзын-сонар тарихы болатыны секілді, қазақ халқының да дінмен, иманмен, сеніммен, дала өркениетімен біте қайнасып жатқан өз тарихы бар. Бұдан кейінгі ұрпақ өмірлік сабақ алып, келешегіне болжам жасайды. Бүгінге дейін қазақтың тарихы біраз зерттеліп-зерделенгенмен, ұлттың жүріп өткен діни жолын түбегейлі қарастырған еңбектер некен-саяқ. Тарихымыздың қатпар-қатпар қойнауын ақтарсақ, руханиятымыздың, дініміздің, мінез-құлқымыздың, дүниеге көзқарасымыздың да өзіндік ерекшеліктері болғанын аңғарамыз. Бабаларымыздың діни жолы мен ұстанған бағыты қандай болған, асыл діннің даңғыл жолына қай ғасырда қосылдық деген секілді сұрақтар бүгінде әр қазақты қызықтырып, соның жауабын күтеді. Сондықтан дүниені жайлаған жаһандану дәуірінде бұрын көз көріп, құлақ естімеген сан түрлі діни ағымдардың елімізде сайран құрғанын ескеріп, бұрынғыны зерделеу аса маңызды.

Біз осы орайда дәстүрлі-рухани құндылықтардың ұлттық болашағын құру ықпалды фактор екенін естен шығармауымыз керек. Сондықтан да кез келген шеттен келген теріс пиғылды ағымдарға төтеп берудің ең басты тиімді жолы Елбасының таяуда жарыққа шыққан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында атап көрсеткендей ұлттық код-

ты, ұлттық құндылықтарды елдік мақсат пен мемлекеттің ұлттық құрылымын, қазақ елінің тарихи мұраларын таныту болып табылады. Осы бағдарламалық мақаланың екінші жартысы ретінде жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы да бұл бағытты одан әрі дамытуға бағытталған. Ұлы даланың ұлы тұлғалары әлі де толық жарыққа шыққан жоқ. Тарихымыз сияқты рухани құндылықтарымыз да әлі топырақ астында жатыр.

Жаһандық деңгейде әрекет етіп отырған деструктивті ағымдардың ықпалымен күресуде өз қоғамымызда ұлттық және діни-рухани құндылықтарды кеңінен таныстырып насихаттаудың арқасында біз бүгінгі және келешек қоғамымыздың ұрпақтарын жат ағымдардың кері әсерінен қорғап, сақтай аламыз десек артық айтқандық болмайды.

Оның үстіне қазіргідей жаһанда дауасы жоқ экстремизм, терроризм деген дерттің ушығып тұрған заманында бұл індеттен аз ғана шығынмен қалай құтылуға болады деген сауал саналы қоғамның санасында болуы заңды құбылыс. Ал осы орайда біздің жүріп өткен тарихымыз бен рухани жолымызда ешбір келеңсіздіктің болмағандығын ескерсек, қазір де осы құндылықты жаңғыртудың зияны болмасы хақ.

Шын мәнісінде, дін – көптеген халықтың мәдениеті мен салтына айналған құндылық. Тәуелсіздік жылдарында халықтың рухани сұранысы, артып «имандылық дағдарысын» назарға алып, діни сенім бостандығына барынша еркіндік берілгені белгілі. Осы еркіндікті желеу етіп, санаға шабуыл жасап, салтқа сына қағатындар топтасып үлгерді.

Сондықтан қазақтың діни-рухани бірегейлігі қазіргі жастарымыздың рухани тұтастығына тікелей байланысты. Қазіргі қоғамдағы көптеген

проблемалық мәселелерді шешуде өткенге көз салу, құндылықтық бағдардан адаспау маңызды. Себебі, қоғамдық даму, өндіріс, экономика қарыштап алға жылжығанымен адамгершілік қағидалар, ар-ождан нормалары ешбір заманда өзгермек емес. Сондықтан да рухани құндылықтардың ескірмейтіні белгілі. Ал, өз кезегінде өткеннің өсиеті қазіргіге бағдар болары сөзсіз. Рухани құндылықтар негізі рухани санада қордаланады, ол тарихта сақталып, сабақтасып отырады. Ата-бабамыздан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дін мен дәстүр сабақтастығын қадірлеп, құрметпен қарау біздің міндетіміз, әрі азаматтық борышымыз. Қазақ халқының дін ғұламаларының шығармаларындағы діни бірегейлік ғасырлар бойы халықты діни-сенімдік алауыздықтан сақтап келгендігіне дау жоқ. Олай болса, болашақта да халқымыз үшін, дін үшін, ең басты құндылық діни бірегейлік, бабалар ұстанған діни жолды жаңғырту және өскелең ұрпақ арасында молынан дәріптеуде екендігін әрбір руханият саласының өкілдері білсе игі болар.

Қадірлі қауым!  
Алла Тағала Құран -Кәрімде: «Ләкин олар (жас әрі күш-қуаты бар кезінде) иман келтіріп, ізгі амал жасағат; міне оларға бітпейтін, өте үлкен сый бар!» (Тин сүресі, 6) делінеді. Олай болса, пайғамбарымыз да бір хадисінде «адам баласы бес нәрседен жауапқа тартылмай Раббысының құзырынан кетпейді дейді. Олардың біреуі жастық шағынды қайда жібердің?» деген сұрақ. Сондықтан жастарымыз өздерінің жастық шағын өзіне, руханиятына екі дүниесіне пайдалы жолда жұмсағаны абзал. Ал ол үшін дәстүрлі сенімдеріміз бен рухани құндылықтарды бойына сіңіруі шарт.